


2023 жылдың қазан айындағы іскерлік белсенділік туралы
ҚР ҰБ ақша-кредит саясаты департаментінің директоры
Рүстем Оразалиннің
түсіндірмесі

Қазанда іскерлік белсенділік индексі **49,6-ге** дейін біршама жақсарды. Бірақ көрсеткіш әлі теріс аймақта тұр.

Іскерлік белсенділік өндірісте жақсарғаны байқалады. Онда **51,6** көрсеткішпен (қыркүйекте – 49,5) оң аймаққа өтті. Құрылыста іскерлік белсенділік индексі өзгеріссіз. Көрсеткіш алдыңғы айдағыдай **48,5** күйінде қалды. Қызмет көрсету және тау-кен өндіру секторында да индекс теріс аймақта тұр. Әсіресе, қызмет көрсетуде 49,5-ке дейін (қыркүйектегі 49,1-ден) біршама ұлғайды. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде жеткізу мерзімі ұзарып, жұмыспен қамту деңгейі төмендегендіктен 48,7-ден **48,0-ге** дейін түсті.



Ағымдағы бизнес жағдайларды бағалауда айтарлықтай өзгеріс жоқ. Алайда, болашақ бизнес жағдайға қатысты оптимизм жақсара түсті. Сөйтіп, **ағымдағы және болашақ** бизнес жағдайларды орташа бағалауды білдіретін **бизнес-ахуал индексі 11,2** болды (2023 жылғы қыркүйекте – 9,5). Бизнес-цикл «сағатының» индикаторы **өсу** аймағында қалды. Себебі бизнес жүргізудің ағымдағы және болашақ жағдайларын бағалау оң қалпында қалып отыр.

Толығырақ: <https://nationalbank.kz/kz/page/indeks-delovoy-aktivnosti-po-kazahstanu-ida>